

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1747 және 1997 жылғы 30 мамырдағы N 907 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 маусым N 985. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.10.27. N 1087 қаулысымен

Республикада шарап жасау өнімдерін өндіруді ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін акциздеуге жататын тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1747 қаулысына P961747\_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 516-құжат):

аталған қаулының 1-қосымшасына:

"Шараптар" жолындағы "0,2" саны "0,1" санымен ауыстырылсын;

"Шарап материалдары" (Қазақстан Республикасының тауар өндірушілері шарап жасау өнімдерін өңдеу үшін босатқанынан басқа (олардың аталған өнімдерді өндіруге құқығының бар екендігіне лицензиясы болған кезде) жолындағы "0,2" саны "0,1" санымен ауыстырылсын.

2. "Импортталатын акцизделетін тауарларға арналған акциздердің ставкалары және жеке адамдардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетен, акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлардың нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 907 қаулысына P970907\_ :

аталған қаулының 1-қосымшасына:

"2204 (2204 30-дан басқа) Шараптар, шампан шараптары" жолындағы "0,8" саны "0,4" санымен ауыстырылсын;

"2205, 2206 00\*\* шарап материалдары" жолындағы "0,8" саны "0,4" санымен ауыстырылсын.

3. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК